

Бар жақсылық аналарға

**8 наурыз – Халықаралық
әйелдер күніне
орай қаламызды
бірқатар мерекелік
шара етті. Басты
жынын Арқалық қазақ
жасеспірімдер театрында
ұйымдастырылып, нәзік
жан иелерін қала әкімі
күттүктасты.**

Салтанатты шарада қала әкімі Эмірхан АСАНОВ қоғамның өзіндегі көрікті жандарды төл мерекелерімен құттүктарап, қоғамның түрлі саласында ерлермен қатар еңбек етіп, жауапты, тиянақтылығымен әр істің берекесін көлтіріп келе жатқандары үшін алғыс білдірді. «Ер елдің иесі, әйел – үйдің киесі» дегендегей отбасындағы береке-бірлікке, өмірдегі әсемдік

пен нәзіктікке жолбасшы бола жүріп, айналасына инабаттылықтың нұрын сепкен аналарымыз қашан да құрметке лайық. Қаламызда өмірге үрпақ әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруде үлгі-өнеге болып жүрген алтын құрсақты аналар да жеткілікті. Бүтінде өнірімізде көпбалалы аналарымыздың саны 716-ға жетті. Олардың 34-і «Батыр аналар», 171-і «Алтын алқа», 452-сі «Күміс алқа» иегері. Ал, 59 ана I-ші және II-ші дәрежелі «Ана Данқы» орденімен марапатталған... Осы мерейлі мереке қарсаңында дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін! Жүздеріңізден күлкі, көнілдеріңізден қуаныш кетпесін!» деп тілегін жеткізген қала басшысы түрлі салада нәтижелі еңбегімен танылып жүрген мереке иелерін, алдыңғы



толқын ақ жаулықты апаларды марапаттады.

Жемісті еңбегі үшін және 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнінің құрметіне орай «Арқалық қаласының орталықтан-дырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік мекемесінің кітапханашысы Марал МУҚАНОВА «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісін иеленсе, облыс әкімінің құрмет грамотасы, Арқалық қаласы әкімінің құрмет грамотасы, қала әкімінің алғыс хаты бірқатар жанның мерейін үstem етті.

Марапаттау шарасынан кейін мерекелік концерт етті. Былғы жылғы концерттік бағдарлама танымал кино желісіне негізделіп, бұрынғыдан өзгерек болды. Осылайша шара қонақтарының мерекелік көnlі күйін еселеді.

(Жалғасы 2 бетте)

Бар жақсылық аналарға

Түрлі салада қызмет жасап, белсенділігімен танылып жүрген азаматшаларға мереке қарсаңында қала әкімі Эмірхан АСАНОВ «Сайора» мейрамханасында құрмет көрсетті. «Арулар – асыл жандар» аталған шарада қала басшысы жиылғандарды қоқтем мереңесімен құттықтаپ, жүрекжарды лебізін жеткізді.

Білім беру саласының ардагері, қалалық «Аналар кеңесі» қоғамдық үйымының төрайымы Бақытжамал ҚАЛТАЕВА апамызы, тоғызқұмалақтан спорт шеберлігіне уміткер, облыстың бірнеше дүркін чемпионы Айым ДУЙСЕНБІ мінберден сөз алып, мерекелік құттықтауларын арнап, өздеріне құрмет көрсетіп отырған қала басшылығына алғыс болдірді.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, «Аналар кеңесі» КҮ мушелері, іскер әйелдер, ҮЕҰ жетекшілері, үстаздар, өндіріс озаттары, дәрігерлер т.б. сала әкілдері ақ дастархан басында емен



жарқын әңгімелесіп, ак тілектерін айттысып, әсем ән тыңдап, қала басшысымен естелік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Шараны «Арқалық қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысы бойынша «Жастар – азаматтық бастамалар орталығы» ҚБ үйымдастырығанын айта кетейік.